

**2026 жылдың қаңтар-ақпан айларындағы мемлекеттік сатып алулар мен мүдделер қақтығысының мониторингі туралы
«Бизнес және сервис жоғары колледжі» КМҚК ақпараты**

ҚР қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңнамасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу жоспарларын жыл сайын колледж директоры бекітеді және олар WWW.goszakup.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылады. Мемлекеттік сатып алу жоспарына өзгерістер уақтылы енгізіліп тұрады. Колледж міндеттемелерді мәміле жасасу негізінде қабылдайды. Барлық мемлекеттік сатып алулар электронды түрде жүргізіледі.

«Бизнес және сервис жоғары колледжі» КМҚК 2026 жылғы 1 қаңтар мен 28 ақпан аралығында жалпы сомасы 81 408 932,87 теңгеге 42 мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырды.

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен тауарларды сатып алу бойынша 2 256 989,23 теңге сомасына шарттар жасалды. Өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен 2 112 240 теңге сомасына 10 сатып алу жүргізілді.

Заңның 16-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес (табиғи монополиялар салаларына жататын қызметтерді, сондай-ақ энергиямен жабдықтауды немесе электр энергиясын кепілдік беретін жеткізушімен сатып алу-сатуды сатып алу) тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен 60 640 687,80 теңге сомасына сатып алу жүзеге асырылды.

Заңның 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына сәйкес (егер біртекті тауарлардың жылдық көлемі құндық көріністе айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен, ал жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу) 1 062 000 теңге сомасына сатып алу жүргізілді.

«Тәрбиеленушілер мен білім алушыларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу бойынша конкурс» тәсілімен сатып алу сомасы 11 977 637,60 теңгені құрады. «Ашық конкурс» тәсілімен 3 187 728,40 теңге сомасына, ал «Электрондық дүкен» тәсілімен 171 649,84 теңге сомасына сатып алулар жүргізілді.

Жасалмаған шарттар саны – 0.

Мемлекеттік сатып алудың жоспарсыз қатысушыларының тізіліміне енгізу туралы сотқа берілген қанағаттандырылған талап арыздар – 0.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заң және бекітілген қағидалар шеңберінде шарттарды жасасу мерзімдерін бұзу, мемлекеттік сатып алу процесін негізсіз созу немесе жеделдету деректері анықталған жоқ. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ.

«Бизнес және сервис жоғары колледжі» КМҚК-да ұйымның комплаенс-қызметі әзірлеген мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат жұмыс істейді.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-VЗРК ҚР Заңының 8-бабының 5-тармағына, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

агенттігі Төрағасының 19.10.2016 жылғы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәуекелдерді анықтау, оның ішінде мүдделер қақтығысын анықтау бойынша мониторинг тоқсан сайын жүзеге асырылады.

Мониторинг барысында мүдделер қақтығысы жағдайларының туындауына қарай жұмысқа қабылдау, жаңа лауазымға ауыстыру кезінде мүдделер қақтығысын ашу түрлері қаралады.

2026 жылғы қаңтар-ақпанда «Бизнес және сервис жоғары колледжі» КМҚК-да мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясатты сақтау бақылауға алынды.

Директор



Ж.Жунусова